

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есеп беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 24 қарашадағы N 329 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3348. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйекте N 128 Қаулысымен.

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 128 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есеп беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын және оны қабылдауға байланысты өзге де шараларды қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру брокерлеріне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау жөніндегі  
агенттігі Басқармасының  
2004 жылғы 27 қарашадағы  
N 329 қаулысымен бекітілген

## **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есеп беру ережесі**

Ескерту. Барлық мәтін бойынша «Сақтандыру ұйымдары», «сақтандыру ұйымы», «сақтандыру ұйымында», «Сақтандыру ұйымы», «сақтандыру ұйымының», «сақтандыру ұйымдары» деген сөздер тиісінше «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары», «сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы», «сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында», «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы», «сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының», «сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 22 Қаулысымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) және сақтандыру брокерлері ұсынатын есептің тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.09.23 N 219, 2010.03.01 N 22 Қаулыларымен.

### **2-тарау. Есепті ұсыну**

2. Есепті Қазақстан Республикасының аумағында, барлық өзінің филиалдары және/немесе өкілеттіктері бойынша деректерді қоса отырып, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін лицензиясы бар барлық сақтандыру (



ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты;

осы Ереженің 13-3-қосымшасына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың қатысуымен (банктік сақтандыру) жасалған сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты;

осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар туралы есепті;

осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес сақтандыру төлемдері туралы есепті;

осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес сақтандыру резервтерінің (жалпы сақтандыру) өзгеруі туралы есепті;

осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес сақтандыру резервтерінің (өмірді сақтандыру) өзгеруі туралы есепті;

осы Ереженің 23-қосымшасына сәйкес міндеттемелердің ауқымы бойынша е с е п т і ;

осы Ереженің 24-қосымшасына сәйкес қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары туралы есепті;

осы Ереженің 25-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы резидент еместерімен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау бойынша есепті;

2) есептік айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағатта кешіктірмей, тоқсан сайын:

осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес басқа дебиторлық берешек туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес басқа кредиторлық берешек туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 13-1 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары туралы есепті;

осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес инвестициялық қызметтен түсетін басқа кірістер туралы есепті;

осы Ереженің 16-1 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттарымен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері туралы есепті;

осы Ереженің 19-қосымшасына сәйкес жалпы және әкімшілік шығыстар туралы е с е п т і ;

осы Ереженің 20-қосымшасына сәйкес басқа шығыстар туралы есепті;

осы Ереженің 21-қосымшасына сәйкес баланстан тыс шоттар (шартты және мүмкін талаптар) бойынша қалдықтар туралы есепті;

осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес баланстан тыс шоттар (меморандум шоты) бойынша қалдықтар туралы есепті;

Осы Ереженің 26-қосымшасына сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеуді; осы Ереженің 29-қосымшасына сәйкес есепке түсіндірме жазбаны; осы Ереженің 30-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің ұйымдық құрылымы туралы мәліметтерді; осы Ереженің 31-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру брокері туралы жалпы ақпаратты; осы Ереженің 33-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штаттық актуарийі туралы ақпаратты; осы Ереженің 34-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері туралы мәліметтерді; осы Ереженің 35-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқару туралы мәліметтерді; осы Ереженің 36-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті ұстап қалуының мөлшері туралы ақпаратты;

3 ) ж ы л с а й ы н :

есептік жылдан кейінгі бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағаттан кешіктірмей - осы Ереженің 24-1-қосымшасына сәйкес қайта сақтандыру қызметі туралы есепті;

есептік жылдан кейінгі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде - осы Ереженің 32-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің аудиті туралы ақпаратты.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**4. (алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).**

4 - 1 . < \* >

**Ескерту. 4-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 22 Қаулысымен.**

5. Сақтандыру брокерлері есептілікті мынадай кезеңдікте ұсынады:

1) есептік айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағаттан кешіктірмей, тоқсан сайын:

осы Ереженің 27-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған қайта сақтандыру шарттары туралы ақпаратты;

осы Ереженің 30-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру брокерінің) ұйымдық құрылымы туралы мәліметтерді;  
осы Ереженің 31-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру брокері туралы жалпы ақпаратты;  
осы Ереженің 34-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері туралы мәліметтерді;  
2) есептік жылдан кейінгі жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде жыл сайын:

осы Ереженің 32-қосымшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің аудиті жөніндегі ақпаратты.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

6. Осы Ережеге 4, 4-1, 5-тармақтарына сәйкес жасалатын есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және сақтандыру брокерінде қағаз тасымалдаушысында сақталады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей есепті қағаз тасымалдаушысында ұсынады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - 2006.09.23 N 219 Қаулыларымен.**

6-1. Электрондық тасымалдағыштағы есеп ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізу көлік жүйесін пайдаланумен ұсынылады.

**Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .**

6-2. Электрондық тасымалдаушысында ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдаушысындағы деректермен сәйкестігін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы және оның орнындағы адамы қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .**

7. Есеп беру деректері ұлттық валюта - теңгемен көрсетіледі.

8. Есепті жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді.

Бес жүз теңгеден аз сома есепте нольге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9 - 1 0 . < \* >

Ескерту. 9-10-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері есепті уәкілетті мемлекеттік органға электронды тасымалдаушысында ұсынады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

1 2 - 1 4 . < \* >

Ескерту. 12-14-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

15. (алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

16. (алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

17. Есептілікке өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізу қажет болған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері есептілікті берген күннен бастап үш күндік мерзімде уәкілетті органға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізу қажеттілігінің себебін түсіндірумен жазбаша өтінішті береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

18. (алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.08.27 N 310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері қайта құрылған жағдайда қаржылық есеп заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазбаны ұсыну сәтіне дейін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті таратылған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есебі уәкілетті мемлекеттік органның ерікті тарату туралы рұқсаты берілгенге дейін ұсынылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есебі соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енген күніне дейін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады.

21. Сақтандыру брокері таратылған жағдайда қаржылық есеп оны заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен шығару күніне дейін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады.

## **2-1-тарау. Есептілікті толтыру бойынша түсіндірме**

**Ескерту. Ереже 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

21-1. Осы Ереженің 1-қосымшасы бойынша "Ақша қалдығы туралы есеп".

Реттік нөмірі 6-бағанадағы есептегі теңгемен ақшаның жиынтық сомасы " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есебінің тізбесі, нысандары мен ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 241 қаулысымен (бұдан әрі - N 241 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2467 тіркелген) бекітілген бухгалтерлік баланстың (бұдан әрі – бухгалтерлік баланс) " Ақша және ақша баламасы" деген бабына сәйкес келеді.

21-2. Осы Ереженің 2-қосымшасы бойынша "Орналастырылған салымдар туралы есеп" .

7-баған бойынша салым бойынша негізгі борыштың жиынтық сомасы және есептің 10-бағаны бойынша сыйақы сомасы күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде, бухгалтерлік баланстың "Орналастырылған салымдар" деген бабына сәйкес келеді.

Есептің реттік нөмірі 3-1-бағанасында "Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы" агенттік басқармасының 2008 жылғы 26 мамырдағы N 77 қаулысына (бұдан әрі – N 77 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5251



тіркелген) сәйкес "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қор биржасы) ресми тізімінің "акциялар" секторының екінші деңгейдегі банктің акцияларының санаты көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 4-бағанасында "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" агенттігі басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 131 (бұдан әрі - N 131 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5331 тіркелген) қаулысына сәйкес уәкілетті орган таныған агенттіктердің рейтингтік бағасы көрсетіледі ("Standard & Poor's", "Moody's Investors Service" немесе "Fitch" және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының халықаралық және ұлттық шәкілі б о й ы н ш а ) .

Реттік нөмірі 12-бағанада егер салым бойынша меншік құқығына шектеу бар болса, не екінші деңгейдегі банк сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғасы болып табылса, "иә" деген сөз көрсетіледі.

21-3. Осы Ереженің 3-қосымшасы бойынша "Бағалы қағаздар туралы есеп".

Есептің 9, 11 және 13-бағаналар бойынша күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде, бағалы қағаздардың жиынтық сомасы бухгалтерлік баланстың мына баптарының сомасына сәйкес келеді: "Саудаға арналған бағалы қағаздар", "Саудаға бар болған бағалы қағаздар" және "Өтегенге дейін ұсталып тұрған бағалы қағаздар".

Есептің реттік нөмірі 4-бағанасында бағалы қағаздың түрі көрсетіледі:

М ы с а л ы ;

мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша: МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕУКАМ, МОИКАМ, МУИКАМ, МЕУЖКАМ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еуроноттары, ноттары және басқалар;

мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша: акциялар, облигациялар, ипотекалық облигациялар, депозитарлық қолхаттар және басқалар.

Есептің реттік нөмірі 8-бағанасында бағалы қағаз номиналы валютасының коды көрсетіледі (мысалы: KZT, USD).

Есептің реттік нөмірлері 10, 12 және 14-бағаналарында есептік кезеңнің соңындағы бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 14-2-бағанасында сатып алумен тікелей байланысты, шығыстарды қосқандағы, бағалы қағаздың жиынтық сатып алу құны, оның ішінде агенттерге, кеңесшілерге, брокерлер-дилерлерге төленген комиссиялықтар, қор биржаларының алымы, сондай-ақ қаржы аударым жасау бойынша банктік қызмет көрсетулер және сатып алушы сатушыға төлеген пайыз

мөлшерінде азайтылғандығы (осындайлар бар болса) көрсетіледі.

Реттік нөмірі 14-3-бағанада бағалы қағаздың баланстық құны мен жиынтық сатып алу құны арасындағы айырмасы көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 15-бағанасында эмитенттің жарғылық капиталындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның қатысу үлесі көрсетіледі: эмитенттің орналастырылған акцияларының жалпы санына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының иелігіндегі акциялар санының арақатынасы.

Есептің реттік нөмірі 18-бағанасында N 77 қаулыға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздың санаты көрсетіледі:

Есептің реттік нөмірі 18-1-бағанасында N 131 қаулыға сәйкес уәкілетті орган таныған агенттіктердің рейтингтік бағасы көрсетіледі ("Standard & Poor's", "Moody's Investors Service" немесе "Fitch" және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының халықаралық және ұлттық шәкілі бойынша).

Есептің реттік нөмірі 19-бағанасында егер бағалы қағаздар бойынша меншік құқығына шектеу бар болса (бағалы қағаз кепіл шарты бойынша қамтамасыз етуі болып табылғанда, РЕПО мәмілесінің объекті болып табылады) не бағалы қағаздың эмитенті болып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген заңды тұлға табылса, "иә" деген сөз көрсетіледі.

21-4. Осы Ереженің 4-қосымшасы бойынша "кері РЕПО", "РЕПО" операциялары туралы есеп".

Осы қосымша бухгалтерлік баланстың "кері РЕПО" операциясы" деген бабына ашады.

Есептің реттік нөмірі 1-бағанасында РЕПО мәмілесінің объектісі болып табылатын бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.

21-5. Осы Ереженің 4-1-қосымшасы бойынша (Қайта сақтандырушылардан алынуға тиіс сомалар, сақтанушылар (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынуға тиіс сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп).

Осы қосымшада сақтанушының, қайта сақтанушының (цеденттердің) және делдалдардың (сақтандыру брокерлерінің және сақтандыру агенттерінің) есептік кезеңнің соңындағы берешегінің сомасы көрсетіледі, олардың жалпы сомасы бухгалтерлік баланстың "Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)" деген бабына сәйкес келеді. Сонымен қоса, осы есепте қайта сақтандыру шарты бойынша есептік кезеңнің соңындағы қайта сақтандырушының берешегінің сомасы көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 2-бағанасында сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша борышы бар қайта сақтандырушының, сақтандыру агенттердің, сақтандыру брокерлерінің, қайта сақтанушылардың (цеденттердің) және сақтанушылардың атауы көрсетіледі. Бұл ретте:

реттік нөмірлері 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5-жолдарда сақтандыру агенттері берешектерінің жалпы сомасында ең көп үлесі сомасында бар сақтандыру агенттері көрсетіледі, басқа сақтандыру агенттерінің жиынтық берешегі "Өзге сақтандыру агенттері" деген 2.6-жол бойынша көрсетіледі;

реттік нөмірлері 5.1, 5.2, 5.3, 5.4, 5.5-жолдарда сақтанушылардың берешектерінің жалпы сомасында ең көп үлесі бар сақтанушылар көрсетіледі, басқа сақтанушылардың жиынтық борышы "өзге сақтанушылар" деген реттік нөмірі 5.6-жол бойынша көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 8-бағанасында егер қайта сақтандырушы, сақтандыру агенті, қайта сақтанушы және сақтанушы ірі қатысушы, еншілес ұйым, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушы болып табылатын немесе қомақты үлесі бар ұйым болса немесе өзге аффилиирленген ұйым болып табылса , " и э " деген с өз ж а з ы л а д ы .

21-6. Осы Ереженің 4-2-қосымшасы бойынша "Ұлттық және шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімін салыстыру кестесі".

Ұлттық және шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімін салыстыру кестесін толтырғанда әр актив (міндеттеме) үшін барынша аз мерзім көзделген, ол аяқталғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы дебиторлардың міндеттемелері орындалуын талап етуге құқығы бар және кредиторлардың т а л а б ы н о р ы н д а й д ы .

Активтер, қалыптасқан резервтерді шегергенде, күмәнді борыштар бойынша е н г і з і л е д і .

Реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5-жолдар бойынша активтер мен міндеттемелердің бағандары бойынша деректер өсу жиынтығымен толтырылады. 5 және 6-жолдардың қосындысы "Жиынтығы" деген 7-жолға жазылады.

21-7. Осы Ереженің 5-қосымшасы бойынша "Басқа дебиторлық берешек туралы е с е п " .

Осы қосымша бухгалтерлік баланстың "Басқа дебиторлық берешек" деген б а б ы н а ш а д ы .

"Өзгелер" деген 1.16-бап бойынша берешектің сомасы есептілікке берілген түсіндірме жазбада ашылып жазылуға тиіс.

21-8. Осы Ереженің 6-қосымшасы бойынша "Сақтанушыға берілген заемдар туралы е с е п " .

Осы қосымшада "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтанушыларға берген заемдары туралы ақпарат көрсетіледі.

10-бағанада баланс бойынша берешектің жиынтық сомасы бухгалтерлік баланстың "Сақтанушыларға берілген заемдар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)" деген бабына сәйкес келеді.

21-9. Осы Ереженің 7-қосымшасы бойынша "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп".

Осы қосымшада еншілес және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялардың сомасы көрсетіледі (қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес). Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың жалпы сомасы бухгалтерлік баланстың "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар" деген бабына сәйкес келеді.

"Жай акциялар" және "артықшылықты акциялар" деген жолдар бойынша акционерлік қоғамдар нысанында құрылған заңды тұлғаларға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуы бойынша ақпарат көрсетіледі.

"Жарғылық капиталдағы қатысу үлестері" деген жолдар бойынша шаруашылық серіктестігі нысанында және акционерлік қоғамнан басқа, басқа нысанда құрылған заңды тұлғаларға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуы бойынша ақпарат көрсетіледі.

21-10. Осы Ереженің 7-1-қосымшасы бойынша "Инвестициялық мүлік және негізгі қаражаттар туралы есеп".

Осы қосымшада инвестициялық мүлік және негізгі қаражаттар туралы ақпарат көрсетіледі (қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес). Аталған активтердің жалпы сомасы бухгалтерлік баланста көрсетілген инвестициялық мүліктің және негізгі қаражаттың сомасына сәйкес келеді.

Есептің реттік нөмірі 2-бағанасында инвестициялық мүлік және негізгі қаражаттар туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі (орналасқан орны, мекен-жайы, жылжымайтын мүліктің атауы: жер учаскесі, үй, ғимарат және басқалар). Жылжымайтын мүлік болып табылмайтын негізгі қаражатқа инвестициялардың жалпы сомасы "Басқа негізгі қаражаттар" деген 3-жол бойынша көрсетіледі.

Реттік нөмірі 5-бағанада егер жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық мүлік/негізгі қаражат бойынша меншік құқығына шектеу бар болса, "иә" деген с ө з ж а з ы л а д ы .

21-11. Осы Ереженің 8-қосымшасы бойынша "Сақтандыру резервтері (жалпы сақтандыру) туралы есеп".

Осы қосымшада есептік кезеңнің соңындағы сақтандырудың сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтерінің сомасы көрсетіледі. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары береді. Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы бухгалтерлік баланста көрсетілген сақтандыру резервтерінің сомасына сәйкес келеді.

21-12. Осы Ереженің 9-қосымшасы бойынша "Сақтандыру резервтері (өмірді сақтандыру) туралы есеп".

Осы қосымшада есептік кезеңнің соңындағы сақтандырудың сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтерінің сомасы көрсетіледі. "Өмірді сақтандыру"

саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары береді. Сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы бухгалтерлік баланста көрсетілген сақтандыру резервтерінің сомасына сәйкес келеді.

21-13. Осы Ереженің 10-қосымшасы бойынша "Алынған заемдар туралы есеп "

Осы қосымшада есептік кезеңнің соңында екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алған заемдар туралы ақпарат көрсетіледі. Есептің реттік нөмірі 7-бағанасы бойынша борыштың жалпы сомасы бухгалтерлік баланстың "Алынған заемдар" деген бабына сәйкес келеді.

21-14. Осы Ереженің 11-қосымшасы бойынша "Басқа кредиторлық берешек т у р а л ы е с е п " .

Осы қосымшада бухгалтерлік баланстың "Басқа кредиторлық берешек" деген бабы ашылады. "Басқалары" деген 1.12-жол бойынша берешектің сомасы есептіліктің түсіндірме жазбасында ашып жазылуы тиіс.

21-15. Осы Ереженің 12-қосымшасы бойынша "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері туралы мәліметтер".

Осы қосымшада акционерлер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерінің қатысушылары ( акционерлері) бойынша, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталындағы резиденттер еместің үлестері бойынша, оның ішінде тікелей және жанама қатысу үлесі бойынша ақпарат көрсетіледі. Тікелей акционерлердің жалпы қатысу үлесі бухгалтерлік баланс бойынша төленген жарғылық капиталдың сомасына тең, ал қатысудың жиынтық пайызы – жүз п а й ы з ғ а т е ң .

Резидент еместің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталындағы үлесі Қазақстан Республикасының резиденттері емес-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тікелей акционерлерінің қатысу пайызының ( реттік нөмірі 6-бағана бойынша) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталында Қазақстан Республикасының резиденттері емесінің жанама қатысуы пайызының сомасының қосындысы ретінде есептеледі. Жанама қатысудың пайызы Қазақстан Республикасының резиденті-акционердің тікелей қатысу пайызын Қазақстан Республикасының резиденті емес-акционер қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталындағы қатысу пайызына көбейту жолымен анықталады (6-баған\*9-баған )

21-16. Осы Ереженің 13-қосымшасы бойынша "Сақтандыру сыйлықақылары т у р а л ы е с е п " .

"Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары"

деген реттік нөмірі 4-бағана бойынша жиынтық сома N 241 қаулымен бекітілген кірістер және шығындар туралы есептің (бұдан әрі - кірістер және шығындар туралы есеп) "Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары" деген бабына сәйкес келеді.

"Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары" деген реттік нөмірі 7-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары" деген бабына сәйкес келеді.

"Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары" деген реттік нөмірі 10-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары" деген бабына сәйкес келеді.

"Сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы" деген реттік нөмірі 13-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы" деген бабына сәйкес келеді.

"Еңбекпен табылмаған сыйлықақы резервінің өзгеруі" деген реттік нөмірі 14-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Еңбекпен табылмаған сыйлықақы резервінің өзгеруі" деген бабына сәйкес келеді.

"Еңбекпен табылмаған резервтегі қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі" деген реттік нөмірі 15-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Еңбекпен табылмаған резервтегі қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі" деген бабына сәйкес келеді.

"Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы" деген реттік нөмірі 19-бағана бойынша қорытынды сома кірістер және шығындар туралы есептің "Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы" деген бабына сәйкес келеді.

21-17. Осы Ереженің 13-1-қосымшасы бойынша "Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп".

Осы қосымшада тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы осы Ереженің 13-қосымшасының реттік нөмірі 4-бағанасына сәйкес келеді.

Аумақ сипаты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын жіктеу есептілікте сақтандыру (тәуекел) объектісінің орналасқан орны бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру объектісі ретінде сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру жағдайымен тікелей байланысты мүлік немесе тұлға түсіндіріледі. Сондай-ақ, сақтандыру объектісі бойынша тіркеу құжаттарының бар болуына

немесе жоқтығына назар аудару қажет.

Аумақтық сипат бойынша сақтандыру сыйлықақыларын жатқызғанда, мыналар ескеріледі:

жеке сақтандыру бойынша – сақтандырылғанның тұрақты тұратын (тіркеу) орны;

сақтандырудың мүліктік түрі бойынша – мүлікті тіркеу орны (мысалы, көлік құралын, орналасқан орны бойынша тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікті сақтандырған жағдайда) немесе сақтанушының тіркелген орны (мысалы, басқа қаржылық шығындардан, сот шығыстарынан, заемдарды сақтандырған жағдайда)

азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру сыныптары бойынша – мүлікті тіркеу орны (мысалы, көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, қауіпті объектілерді немесе орналасқан орны бойынша басқа тіркелетін мүлікті сақтандырған жағдайда) немесе сақтанушыны тіркеу орны (мысалы, кәсіби жауапкершілікті, жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандырған жағдайда).

Бұл ретте, аумақтық сипат бойынша сақтандыру сыйлықақыларын бөлгенде, кәсіби жауапкершілікті сақтандыру деп арнайы рұқсат негізінде жүргізілетін және арнайы білімді, тәжірибені және біліктілікті, оның ішінде осы тұлғаның қызметкерлерінде осылардың бар болуын талап ететін қызметтің нәтижесінде немесе процесінде басқа тұлғаларға зиян келтірумен байланысты, тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырумен байланысты сақтандыру түрлері түсіндіріледі.

Тіркеуге жатпайтын мүлікті (офистік жабықтар, жиһаз және басқа мүлік) сақтандырған жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы сақтанушының тіркелу орнына сәйкес көрсетіледі.

Республиканың түрлі аумақтарындағы мүлікті сақтандырғанда, сақтандыру сыйлықақылары есептілікте мүліктің (мүлік тіркелуге жататын жағдайда) немесе сақтанушының (мүлік тіркелуге жатпаған жағдайда) орналасқан орнына сәйкес көрсетіледі.

Егер көлік құралдары басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіргізілген жағдайда, онда Қазақстан Республикасында көлік құралының уақытша тіркелу орны бойынша ақпарат көрсетіледі.

Аумақтық сипат бойынша сақтандыру объектісін жатқызу үшін мына критерийлер қолданылады:

автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандыру сыныптары бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру сыныбы бойынша - автомобиль көлігін тіркеу орны;

ауа, темір жол, су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру сыныптары бойынша – көлік құралы иелерінің тіркелу орны;

ауа, су, темір жол көлігін сақтандыру сыныптары бойынша – көлік құралының тіркелу орны бойынша;

міндетті сақтандырудың басқа сыныптары бойынша, жеке сақтандыру бойынша, басқа қаржылық шығындардан, заемдарды, жүкті, кепілдіктер мен кепілдемелерді, сот шығыстарын сақтандырудың сыныптары бойынша – сақтанушының (сақтандырылғанның) тіркелген орны;

мүлікті сақтандыру сыныбы бойынша – мүлікті тіркеу орны;

ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша – сақтанушыны тіркеу орны;

Қазақстан Республикасының резиденттері-емесіне қатысты – сақтандыру ш а р т т а н ж а с а у о р н ы .

21-18. Осы Ереженің 13-2-қосымшасы бойынша "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша ақпарат".

Осы қосымшада ағымдағы жылдың басынан басталған кезең бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша ақпарат кө р с е т і л е д і .

Реттік нөмірі 3-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 7-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған тікелей сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 11-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 12-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалған кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 14-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген с ақтандыру ұйымдарына қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 15-бағанада с ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген с ақтандыру ұйымдарынан алынған өтеудің сомасы көрсетіледі.

21-19. Осы Ереженің 13-3-қосымшасы бойынша "Екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен (банктік сақтандыру) жасалған сақтандыру шарттары



Осы қосымшада сақтанушы "сақтандырылған" немесе пайда алушы болып екінші деңгейдегі банк табылатын, есептік жылдың басынан басталған кезеңде екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен жасалған сақтандыру шарттары бойынша ақпарат (өсу жиынтығымен) көрсетіледі.

21-20. Осы Ереженің 14-қосымшасы бойынша "Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар туралы есеп".

Есептің реттік нөмірі 3-бағанасы бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістердің жиынтық сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің "Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер" деген бабына сәйкес келеді.

Есептің реттік нөмірі 6-бағанасы бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі шығыстардың жиынтық сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің "Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі шығыстар" деген бабына сәйкес келеді.

21-21. Осы Ереженің 15-қосымшасы бойынша "Инвестициялық қызметтен түсетін басқа кірістер туралы есеп".

"Инвестициялық қызметтен түскен басқа да кірістер" деген реттік нөмірі 1-жолдың сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің "Инвестициялық қызметтен түскен басқа да кірістер" деген бабына сәйкес келеді.

"Өзге қызметтен түскен басқа да кірістер" деген реттік нөмірі 5-жолдың сомасы кірістер мен шығыстар туралы есептің "Өзге қызметтен түскен басқа да кірістер" деген бабына сәйкес келеді.

"Басқа да" деген баптар бойынша ақпарат (4-жол және 14-жол) есептіліктің түсіндірме жазбасында ашып жазылуға тиіс.

21-22. Осы Ереженің 16-қосымшасы бойынша "Сақтандыру төлемдері туралы е с е п " .

Есептің реттік нөмірлері 3, 8, 10, 13 және 14-бағаналары бойынша жиынтық сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің тиісті бабына сәйкес келеді.

"Берілген шағымдардың саны" деген реттік нөмірі 6-бағанада есептік кезеңнің басынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындарын есепке алу журналында тіркелген, берілген шағымдардың саны көрсетіледі.

"Сақтандыру төлемдерінің саны" деген реттік нөмірі 7-бағанада есептік кезеңнің басынан бастап сақтандыру төлемдерінің саны көрсетіледі. Бұл ретте, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша бір пайда алушыға бір сақтандыру жағдайы бойынша кезеңдік төлемдер түрінде жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері бір сақтандыру төлемі ретінде көрсетіледі.

"Сақтандыру шығыстарын реттеу бойынша шығыстар" деген реттік нөмірі 14-бағанада сақтандыру төлемдерін жүзеге асырумен байланысты қызмет

көрсетулерді (бағалаушылардың қызметін және заңдық қызметті) сатып алу бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша шығыстарының сомасы көрсетіледі.

21-23. Осы Ереженің 16-1-қосымшасы бойынша "Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттарымен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері туралы есеп".

Осы Ереженің 16-1-қосымшасында тікелей сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

Аумақтық сипат бойынша сақтандыру объектісін жатқызу үшін 21-16-тармақта көрсетілген критерийлер қолданылады.

21-24. Осы Ереженің 17-қосымшасы бойынша "Сақтандыру резервтерінің (жалпы сақтандыру) өзгеруі туралы есеп".

Осы Ереженің 17-қосымшасында есептік кезеңнің басынан басталған кезеңдегі сақтандырудың сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтері өзгеруінің сомасы көрсетіледі. Сақтандыру резервтері өзгеруінің жалпы сомасы кірістер мен шығындар туралы есепте көрсетілген сақтандыру резервтері өзгеруінің сомасына сәйкес келеді. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары береді.

21-25. Осы Ереженің 18-қосымшасы бойынша "Сақтандыру резервтерінің (өмірді сақтандыру) өзгеруі туралы есеп".

Осы қосымшада есептік кезеңнің басынан басталған кезеңдегі сақтандырудың сыныптары бөлігінде сақтандыру резервтері өзгеруінің сомасы көрсетіледі. Сақтандыру резервтері өзгеруінің жалпы сомасы кірістер мен шығындар туралы есепте көрсетілген сақтандыру резервтері өзгеруінің сомасына сәйкес келеді. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары береді.

21-26. Осы Ереженің 19-қосымшасы бойынша "Жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп".

"Барлығы" деген реттік нөмірі 4-жол бойынша жалпы және әкімшілік шығыстардың жиынтық сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің "Жалпы және әкімшілік шығыстар" деген бабына сәйкес келеді.

"Басқалары" деген реттік нөмірі 33-жол бойынша ақпарат есептілікке берілген түсіндірме жазбада ашылып жазылады.

21-27. Осы Ереженің 20-қосымшасы бойынша "Басқа да шығыстар туралы есеп".

"Басқа да шығыстар" деген реттік нөмірі 1-жолдың сомасы кірістер мен шығындар туралы есептің "Басқа да шығыстар" деген бабына сәйкес келеді.

"Басқа да шығыстар" деген реттік нөмірі 4-жол бойынша ақпарат есептіліктің түсіндірме жазбасында ашылып көрсетіледі.

21-28. Осы Ереженің 23-қосымшасы бойынша "Міндеттемелердің ауқымы бойынша есеп".

Реттік нөмірлері 4 және 6-бағаналарда сақтандыру объектілерінің (мүліктің, сақтандырылғандардың, қызметкерлердің, гектарлардың және басқалардың) бірліктерін көрсету қажет, осылардан сақтандыру сыйлықақысының мөлшері айқындалады.

Реттік нөмірі 7-бағанада сақтандырудың және кіріспелі қайта сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша жауапкершіліктің жалпы ауқымы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 10-бағанада қолданыстағы сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

21-29. Осы Ереженің 24-қосымшасы бойынша "Қайта сақтандыру қызметі бойынша есеп".

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы" деген реттік нөмірі 2-бағанада сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы көрсетіледі (аббревиатурамен қысқартуларды қолданусыз).

Есептің реттік нөмірі 3-бағанасында N қаулыға сәйкес уәкілетті орган таныған агенттіктердің ("Standard & Poor's", "Moody's Investors Service", "Fitch") халықаралық шәкілі бойынша рейтингтік бағасы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 11-бағана бойынша міндеттемелердің ауқымы есептік кезеңнің басынан басталған кезеңде жасалған қайта сақтандыру шарттары бойынша көрсетіледі.

Реттік нөмірі 12-бағана бойынша қайта сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына берілген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы Ереженің 13-қосымшасындағы (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) "Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары" деген реттік нөмірі 10-бағананың сомасына сәйкес келеді.

Есептің реттік нөмірі 12-бағанасы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы Ереженің 13-қосымшасындағы (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) реттік нөмірі 11-бағананың жиынтық сомасына сәйкес келеді.

Есептің реттік нөмірі 12-бағанасы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері еместеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы Ереженің 13-қосымшасындағы (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) реттік нөмірі 12-бағананың жиынтық сомасына сәйкес келеді.

21-30. Осы Ереженің 25-қосымшасы бойынша "Қазақстан Республикасының резиденті еместерімен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп".

Қазақстан Республикасының резидент еместерімен жасалған сақтандыру (

қайта сақтандыру) шарттары бойынша есепте тікелей сақтандыру шарттары және Қазақстан Республикасы резидент еместерімен жасалған кіріспелі қайта сақтандыру бойынша есептік кезеңнің басынан басталғандағы кезеңде қабылданған сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі.

Есептің реттік нөмірі 4-бағанасы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы Ереженің 13-қосымшасындағы (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) реттік нөмірі 6-бағанасында көрсетілген Қазақстан Республикасы резидент еместерінен қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына с ә й к е с к е л е д і .

Есептің реттік нөмірі 5-бағанасы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасы Ереженің 13-қосымшасындағы (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) реттік нөмірі 9-бағанасында көрсетілген Қазақстан Республикасы резидент еместерінен қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған қайта сақтандыру сыйлықақыларының сомасына сәйкес келеді.

21-31. Осы Ереженің 26-қосымшасы бойынша "Экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу" .

Осы есепте тікелей сақтандыру шарттары бойынша есептік кезеңнің басынан басталған кезеңде қабылданған сақтандыру сыйлықақылары және асырылған сақтандыру төлемдері көрсетіледі.

Сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері сақтанушының экономикалық қызмет түрі бойынша жіктеледі.

Есептің реттік нөмірі 3-бағанасы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы Ереженің 13-қосымшасының (Сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп) реттік нөмірі 4-бағанасында көрсетілген тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына с ә й к е с к е л е д і .

21-32. Осы Ереженің 27-қосымшасы бойынша "Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған қайта сақтандыру шарттары туралы ақпарат" .

Осы есепте Қазақстан Республикасының резиденттері (сақтандыру брокерлерінің қатысуымен) сақтандыру брокерлерінің делдалдығымен есептік кезеңнің басынан жасалған қайта сақтандыру шарттары бойынша ақпарат көрсетіледі .

Есепті Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру брокері береді.

21-33. Осы Ереженің 30-қосымшасы бойынша "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру брокерінің) ұйымдық құрылымы туралы мәліметтер" .

Реттік нөмірі 2-бағанада сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (

сақтандыру брокерінің) қызметінің тиісті секторын жүзеге асыру бойынша функциялар жүктелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру брокерінің) құрылымдық бірлігі көрсетіледі.

Реттік нөмірі 3-бағанада сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру брокерінің) ішкі құжаттарына сәйкес бөлімше тікелей бағынатын басшы қызметкердің лауазымы немесе құрылымдық бөлімше көрсетіледі.

21-34. Осы Ереженің 31-қосымшасы бойынша "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, (сақтандыру брокері) туралы жалпы ақпарат".

Есептің реттік нөмірі 8-жолы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/сақтандыру брокерінің бар болған барлық банк деректемелері көрсетіледі.

21-35. Осы Ереженің 33-қосымшасы бойынша "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штаттық актуарийі туралы ақпарат".

